ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

***«Рухани жаңғыру»***

Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шара:

**Тақырыбы:** «Қарттарым – асыл қазынам»

(«Айгөлек» ересек тобындағы мерекелік тәрбие сағаты)

**Өткізген:** Амангожина А.А

Қоқашева Г.Я

2023-2024 оқу жылы

тексерілді

**Тақырыбы:** «Қарттарым - асыл қазынам!»

**Күні:** 29.10.2023 жыл

**Мақсаты:** Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау,оз ата-бабасын ұмытпай және ата-дәстүрден нәр алып өсуіне,инабаттылыққа,жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

**Жүргізуші:**

Мерекеңіз құтты болсын ата,әже!

Көкіректен жыр төгілмей жата ма?

Зейнетіне жеттіңіздер өмірдің

Кеңеліп бір ілтипатты батаға

Қадірлі ата-әжелер бүгінгі күні біз сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық,ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сіздер жас ұрпаққа әрқашан тқзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер.

Бүгінгі салтанатты мерекелеріңізбен құттықтау үшін, сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Г.Ж.Бекмурзинаға береміз.

**Жүргізуші:**

Асыл әжем, мақтанышым меніңде

Қонақ болып отыр міне төрімде

Өзіңе арнап былай тәтті үніммен

Әп салатын кезім келді меніңде

**Хор:** «Жақсы көрем ата -әжемді»

**Жүргізуші:**

Балалар әже деген қандай болады?

(Балаларға әже туралы сұрақ)

Ата көрген оқ жонар

Ана көрген тон пішер демекші Ортаға ата-әжелеріне арнап биші жігіттеріміз **«Боз жорға»** биін билеп береді. Қарсы алыңыздар!

**Би:** «Боз жорға»

Тамаша,ұ лдарымызға рахмет!

Ендеше кезекті балаларымыздың оздеріңізге арнаған өлең шумақтарымен ортаға шақырсақ.

**Ә.Кәусар:**

Қысылып еш саспаңдар

Қәнеки ән бастаңдар

Ата-әженің көңілін

Бір көтеріп тастаңдар!

**Шахкерім:**

Гүл гүл жайнап бәрәмәз

Кірді біздің сәніміз

Қарттарымызды тойымен

Құттықтаймыз бәріміз

**Раяна:**

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз!

**И.Кәусар:**

Жақсы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әжемді

Жүрсем деймін шаттандырып

**Мұстафа:**

Нагацы әжем анамның анасы

Жиендердің ақылшысы санасы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсы алады нағашы

**Жүргізуші:**

Рахмет балалар,жарайсыңдар!

Күн нөсерін төгейік

Жырдан моншақ өрейік

Уа қонақтар ал енді

Әнге кезек берейік!

**Хор:** «Балабақша»

**Ойын:** «Даусынан таны» аудио арқылы ата-әжелерінің дауысын табу

**Жүргізіші:**

Баламның табанына кірген тікенек,менің менің маңдайыма кірсінші дейтін әжелермен аталардан үлгі өнеге көріп келе жатқан кішкентай екрке тентектерімізді «Барабан» биімен ортаға шақырамыз.

**Би** «Барабаншылар»

Біздің кішкентай барбаншыларымызга үлкен рахмет!

**Жүргізуші:** Ортаға балаларымызды жыр шумақтармен шақырамыз.

**Мұзафар:**

Ақ жаулықты әжемді

Ай нұрына теңедім

Әр ісінен үлгі алып

Еркін өсіп келемін!

**Медина:**

Менің әжем жыр әжем

Шуағы мол нұр әжем

Ақ таяққа сүйеніп

Аман есен жүр әжем.

**Мая:**

Жадырамйын,жадырайын

Көңілденіп күлемін

Жанарма деп талабым

Ата ақылын тыңдаймын.

**Амина:**

Мейірімді апалар

Балалар кеп бата алар

Қалтасына кәмпит сап

Немереге апарар

**Жүргізуші:**

Рахмет кішкентай бүлдіршіндерге!

Күлімдеген көзіңнен

Айналайын ата жан!

Қандай үлкен сый бар бізге

Қзің берген батадан

Деп бүлдіршіміз  Айжұлдыз өздеріңізге арнап **«Ата-Әже** әнін орындап береді.

**Ән:** «Ата-әже» орындайтын Исламғалиева Айжұлдыз

**Жүргізуші:**

Кеш соңында үлкен алғысымызды білдіре отырып, саналы ұрпағы бар елдің қариясы бақытты  ақсақалды ата-әжесі бар  елдің балалары бақытты дегендей, асыл жандарымызға ұзақ ғұмыр,дендеріңізге саулық,отбасыларыңызға амандық ыілейміз!

Аппақ шашың күн сайын қалыңдаған

Зейнет емес бейнеттен арылмаған

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі

Қариялар өзіңді ел сыйлаған дей келіп, мерекелік тәрбие сағатымызды аяқтай отыра, «Батаменен ел көгерер,жаңбырменен жер көгерер» демекші үлкен атамыздан бата алсақ!











